



## 2011 жылға "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы бойынша Жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 05 тамыздағы № 108-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 31 тамызда № 11-7-98 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-II «Халықты жұмыспен қамту туралы», 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарына сәйкес, жұмыссыз жастарды – жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлер (әрі қарай – оқу орындары) түлектерін жұмысқа орналастыру, олардың практикалық тәжірибесін, білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің аясын кеңейту мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. 2011 жылға «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша Жастар тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдар (әрі қарай – жұмыс беруші) тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - уәкілетті орган) оқу орындарын бітірген жұмыссыз жастарды іріктеуді жүргізсін және іріктеу кезінде төмендегідей өлшемдер ескерілсін:

1) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жастар;

2) 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар;

3) оқу орнын бітіргені туралы құжат (диплом) міндетті болуы;

3. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші мен жастар тәжірибесін өтіп жатқан жұмыссыздар арасында жасалған еңбек ш а р т ы м е н а н ы қ т а л а д ы .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Асауовқа ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е.Әбілов

К Е Л І С І Л Д І :

Тұманбаева Жаңыл Кемелқызы  
«Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

04 тамыз 2011 жыл

Толыбаева Алмагүл Мұхамедқызы  
«Мұнайлы аудандық экономика және  
қаржы бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

04 тамыз 2011 жыл

Мұнайлы ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 05 тамыздағы  
№ 108 - қ қаулысына қосымша

### 2011 жылға «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша Жастар тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар мен ұйымдар тізбесі

№	Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы	Жолданатын жұмыссыздар саны (адам)	Бір адамға төленетін еңбек ақы мөлшері (теңге)	Тәжірибенің өту мерзімі	Қаржыландыру көзі
1	«ҚТЖ» ҰК АҚ	19	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
2	Жеке кәсіпкер «Қайнаров»	4	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
3	Жеке кәсіпкер «Ботақан»	3	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
4	Жеке кәсіпкер «Арай»	3	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
5	Жеке кәсіпкер «Румаганбетова Венера»	3	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
6	«Мұнайлы нан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
7	«ХТҚК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
8	Жеке кәсіпкер «Жәудір»	3	26 000	5 ай	Республикалық бюджет
	<b>Барлығы:</b>	<b>40</b>			